

БҚО ӘББ «Орал ақпараттық технологиялар колледжі» МКҚК



**«КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ
ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ: ДАМУ БАҒЫТТАРЫ.
ТӘЖІРИБЕ. МӘСЕЛЕЛЕР»**

**техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары
инженер-педагогтерінің облыстық тамыз кеңесі
«ЦИФРЛЫҚ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ - КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР САЛАСЫ БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕ» секциялық
отырысының
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

ОРАЛ, 2023

Құрастырғандар: Е.Н.Сафуллин, Ж.Е.Бисалиева, С.С.Шагиров, А.С.Махметова

Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының «Орал ақпараттық технологиялар колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды.

№1 хаттама, 15.08.2023 ж.

«Цифрлық және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласы білім беру кеңістігінде» = «Сфера цифровых и информационно-коммуникационных технологий в образовательном пространстве» тақырыбындағы облыстық тамыз кеңесінің секциялық отырысының материалдар жинағы. - Орал, 2023 – 32 бет.

Жинаққа Орал ақпараттық технологиялар колледжі педагогтерінің мақалалары енгізілді. Мақалалар білім беру мекемелеріндегі цифрлық бағытында инновациялық технологияларды жүзеге асыру нәтижелерін насихаттау, колледж педагогтардың кәсіби өсуіне әдіснамалық және тәжірибелік қолдау көрсету, ТЖКБ жүйесінде инновациялық технологияларды қолдану бойынша озық педагогикалық тәжірибені тарату мәселелері қарастырылған.

В сборник вошли статьи преподавателей Уральского колледжа информационных технологий. В статьях рассматриваются вопросы популяризации результатов внедрения инновационных технологий в цифровом направлении в образовательных учреждениях, оказания методической и практической поддержки профессионального роста преподавателей колледжей, распространения передовой педагогической практики использования инновационных технологий в образовательных учреждениях. система ТиПО.

АЛҒЫ СӨЗ

Сафуллин Е.Н.,

*Орал ақпараттық технологиялар
колледжінің директоры*

Құрметті әріптестер!

Қазіргі уақытта әлемде орын алып жатқан төртінші өнеркәсіптік революция – қарқынды ақпарат ағыны мен жоғары технологиялық инновациялар өмірімізге сан қырлы жолмен ықпал етіп, осы өзгерістерге бейімделуді және жаңа шарттар жағдайында дами білуді талап етіп отыр. Осыдан ширек ғасыр бұрын атауы мен мазмұны көпшілікке бейтаныс болған цифрлық технологиялар бүгінде барлық салаға терең еніп, индивидтердің дағдыларын түрлендірді.

Цифрлық технологияларға кең мағынада электронды құрылғылар, жүйелер мен мәліметтерді өңдейтін бағдарламалар жатады. Мұндай жағдайда компьютер мен смартфондар, әлеуметтік желілер, жасанды интеллект, түрлі бағдарламалар осы түсініктің ішіне енеді. Цифрлық сауаттылық дегеніміз осы технологияларды меңгеру және қолдана білу. Цифрлық технологиялардың аз мерзім ішінде өмірімізді трансформациялап, күнделікті тіршілігіміздің бір бөлігіне айналғаны жасырын емес. Олар еңбек нарығын да өзгертіп, бірқатар мамандықтарды жойып, орнына жаңа қызмет түрлерінің пайда болуына әкелді. Сол себепті жаңа шарттарға бейімді болу мен оған қажетті дағдыларды білу ең керекті қасиеттердің қатарында қарастырылады.

Бүгінде ғылым мен технология қарқынды даму жолында көптеген жұмыс орындарына барлық салаларда жаңа технологияны жетік қолдана алатын тұлғалар шақырылады. Сондықтан, бұл мәселелерді шешу үшін білім беру жүйесін жаңа форматта, цифрлық технологияларды қолдану жолымен дамыту маңызды. Білім беру ұйымдарын жаппай цифрландырудың маңызы болашақ ұрпақтың кез келген салада ақпараттық сауаттылығын арттырып, шеберліктерін шыңдап, жан-жақты іскерлігін дамытып, бәсекеге қабілетті етіп, білім кеңістігінде өз мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға жағдай жасайды. Сонымен қатар, бұл – білім сапасын арттыру, оқыту үдерісін қолжетімді ету, педагогтердің, білім алушылардың, ата-аналардың байланыстарын жеңілдету тұрғысынан да өзекті. Осы мақсатта білім саласын цифрландыру жұмыстары кең қанат жайып келеді.

Осы мақсатта өткізіліп отырған тамыз кеңесінің секциялық отырысына сәттілік тілеймін!



OATK
ORAL AQPAPATTYQ
TEHNOLOGIYALAR KOLEJI



ОБЛЫСТЫҚ ТАМЫЗ КЕҢЕСІ
«КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДІ
ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ:
ДАМУ БАҒЫТТАРЫ, ТӘЖІРИБЕ,
МӘСЕЛЕЛЕР»

СЕКЦИЯЛЫҚ ОТЫРЫС ТАҚЫРЫБЫ:
«ЦИФРЛЫҚ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ-
КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР САЛАСЫ БІЛІМ
БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕ»

18 тамыз 2023 жыл.
108 кабинет / IT-center
9.00 - 13.00



САФУЛЛИН ЕЛДОС
НАБИЙУЛЛАҰЛЫ



ШАГИРОВ САМАТ
САГАТКАЛИЕВИЧ



ҚАЙЫРБАЕВА ЭЛЬЯНУРА
БЕКЕНҚЫЗЫ



ГУБАЙДУЛЛИНА ЛАУРА
АРТУРОВНА




САПАРОВ МУХАММАД
БАКЫТОВИЧ



МИЗИНИН ВЛАДИМИР
ВЛАДИМИРОВИЧ

Ақпарат үшін

 8 (7112) 53 80 96

 А.Каримуллин көшесі 2/1а

ОБЛЫСТЫҚ ТӘЖІРИБЕЛІК АЛАҢ
«КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ:
ДАМУ БАҒЫТТАРЫ. ТӘЖІРИБЕ. МӘСЕЛЕЛЕР»

секциялық отырысының өткізілу жоспары

Өтетін күні мен уақыты: 18 тамыз 2023 жыл, сағат 09.00

Өтетін орны: Орал ақпараттық технологиялар колледжі, Жоғары инженерлік –технологиялық колледжі, Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі, Жоғары аграрлық-техникалық колледжі.

Қатысушылар: ТжКБ ұйымдарының басшы орынбасарлары, аға шеберлер, өндірістік оқыту шеберлері, арнайы пән оқытушылары, жалпы білім беретін пән оқытушылары.

Шақырылғандар: білім беру ұйымдарының әлеуметтік серіктестері

Жалпы қатысушылар саны: 300 адам

УАҚЫТЫ	МАЗМҰНЫ
I. СЕКЦИЯЛЫҚ ОТЫРЫС	
«ЦИФРЛЫҚ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ - КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР САЛАСЫ БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕ» Орал ақпараттық технологиялар колледжі, А.Каримуллин көшесі 2/1а, 108 кабинет / IT-center 9.00 - 13.00	
Модератор: Тажикбаева Зияш Қуатқызы, БҚО білім басқармасының Білім беруді дамыту орталығы, техникалық және кәсіптік білім беру бөлімі әдіскері.	
Қатысушылар: директордың ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасарлары, әдіскерлер, жалпы білім беру пәні оқытушылары	
9.00 – 9.30	Қатысушыларды тіркеу (60 адам)
9.30 - 10.00	Көрме тамашалау
10.00 – 10.10	АЛҒЫ СӨЗ (ОНЛАЙН) Сапарғалиев Мирас Махмудович, БҚО ББ техникалық және кәсіптік білім бөлімінің басшысы Сабиров Нурлан Менешович,

	Білім беруді дамыту орталығы директорының орынбасары
10.10 - 10.40	Шагиров Самат Сагаткалиевич, Орал ақпараттық технологиялар колледжі, директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары. «Заманауи веб-сайтты құруда қолданылатын сервистердің кейбір ерекшеліктері»
10.40 - 11.10	Сафуллин Елдос Набиоллаұлы, Орал ақпараттық технологиялар колледжі директоры. «Колледжді басқарудағы бұлттық шешімдердің тиімділігі»
11.10 - 11.30	Қайырбаева Эльнура Бекенқызы, Орал ақпараттық технологиялар колледжі, арнайы пәндер оқытушысы. «Цифрландыру технологияларын пайдалану арқылы бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру»
11.30 - 11.50	Губайдуллина Лаура Артуровна, Орал ақпараттық технологиялар колледжі, арнайы пәндер оқытушысы. «Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту заман талабы»
11.50 - 12.30	Сапаров Мухаммад Бакытович, Орал ақпараттық технологиялар колледжі, арнайы пәндер оқытушысы. «Оқыту әдістеріндегі цифрлық технологиялар - оқушылардың білім сапасының тиімділігін арттыру көрсеткіші»
12.30 - 12.50	Мизинин Владимир Владимирович, Орал ақпараттық технологиялар колледжі, арнайы пәндер оқытушысы. «Жасанды интеллект»
12.50 - 13.00	Кері байланыс

**ЦИФРЛЫҚ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ - КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР САЛАСЫ БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕ**

**СФЕРА ЦИФРОВЫХ И ИНФОРМАЦИОННО-
КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ
ПРОСТРАНСТВЕ**

Колледжді басқарудағы бұлттық шешімдердің тиімділігі

*Сафуллин Елдос Набиоллович,
Орал ақпараттық технологиялар колледжінің директоры*



Білім беру мекемесінде бұлттық технология тиімді жұмыс жасауы үшін: 1) жылдамдығы жоғары интернет; 2) заманауи ноутбук, компьютер, мобильді интерактивті тақта, графикалық планшет 3) білікті педагог керек. Басшы және сауатты IT мамандары бірлесіп, осы үштікті қамтамасыз еткен жағдайда білім алушыларға сапалы білім беру мүмкіндігі артады. Бұлттық технология ұғымы соңғы он жылда елімізде жиі айтылады және әзірге университеттер мен инновациялық мектептер бұл бағыттағы жұмыстарын орталықтанған түрде жолға қойған. Бұл ретте өздерінің тиімді шешімдерін ұсынған негізгі екі жүйе: Google және Microsoft корпорацияларының сервистері ерекше.

Google өнімдері бұқаралық сипатқа ие, себебі еліміздегі миллиондаған смартфон тұтынушылары аккаунттарын осы жүйеде ашады. Диск, Youtube, Meet, Jamboard, Класс, Документы, Таблицы, Презентаций, Формы тәрізді отыз түрлі программа білім беру ісімен қатар жалпы заманауи кеңсе жұмыстарын да жүргізуге қажетті мүмкіндіктерді тегін ұсынуда. Нәтижесінде Google аккаунты бар кез келген тұтынушы өзінің жеке гаджеттерінде болсын, жұмыс компьютерінде болсын өз мәліметтеріне еркін қатынай алады. Дегенмен Диск көлемі 15 Гб болғандықтан үлкен мәліметтермен жұмыс жасауға, жинақтауға қиындық туындайды. Мысал ретінде Google кестелермен жұмысты үйретуші семинар сілтемесін ұсына аламын: <https://youtu.be/092B0Jzc2c4>.

Microsoft өнімдері біздің компьютерлік технология туралы біліміміз бен практикалық дағдыларымызды қалыптастырушы тарихи маңызды рөлге ие. Windows операциялық жүйесі мен MS Office өнімдері болмаса бүгінгі күнде компьютерде не істер едік?! Білім беру саласына Microsoft шығарған бұлттық технологияларға негізделген өнімдер өте көп. One Drive, Outlook, Planner, Sway, Teams, Kaizala, Forms, Word, Excel, Power Point, Whiteboard, To Do тәрізді отыз түрлі программаның локалды және онлайн режимде жұмыс жасайтын

мүмкіндіктері қазіргі күнде заманауи компаниялардың жұмыстарында сән емес, қажеттілікке айналды. Әсіресе бір мезетте бірнеше нүктеден бір мәліметті бірлесіп өңдеу қызметін қазіргі заманның таңғажайып ерекшеліктері деп тануымызға болады. Біздің ұйым ішінде ғана емес, перспективада облысымыздың барлық колледждері арасында да корпоративті оқытуға, басқаруға қолайлы шешімдерді тәжірибемізге енгізу үшін 2022 жылы тамыз айында Орал ақпараттық колледжіне its.edu.kz доменін меншіктедік. Office 365 A1 тарифін оқытушылар үшін 5000, студенттер үшін 10000 аккаунт ашу мүмкіндігімен іске қостық. 5000-нан 102-ні, 10000-нан 60-ын пайдаланып 1 жыл көлемінде практикамызға енгіздік. Осылайша әйгілі Майкл Уоткинстің «Жаңа қызметте табысқа жету стратегиясы» нұсқауларына сай тұрақтылықты сақтау үшін өзгерістерді біртіндеп енгізу жолына түстік.

1) One Drive программасының көмегімен колледждің кіріс, шығыс хаттарынан бастап барша файл алмасу әрекеттерімізді жүйеледік. Менің жұмыс үстелімде «Бұлт» деп аталатын бір ғана қаптама бар. Барша файлдарыма интернет арқылы кез келген нүктеден, кез келген гаджеттен өз логин-паролімді қолданып қатынай аламын. «ІТС Кіріс», «ІТС Шығыс», «ІТС Жалпы» деген қаптамалар тікелей жұмысқа байланысты мәліметтерді қамтиды. Әр қаптамаға мазмұны бойынша қызметкерлердің қатынау мүмкіндіктері әртүрлі. Мысалы, «ІТС Кіріс» мазмұнын әкімшілік мүшелері түгел көре алады және мұнда реттік нөмірлері бойынша айларға бөлінген кіріс хаттары орналасады. Виза қойылған кіріс хаттары орындалуы үшін жұмыстағы Whatsapp чатымызда «Жазира Е. - №450 хат», «Абзал М. - №456 хат» деген тәрізді жазу ғана болады. Білім басқармасынан немесе басқа да органдардан келген хаттардың мазмұны біздің жұмыс чатымызда ешқашан ашық таратылмайды.


диск (D:) > OneDrive - Уральский колледж информационных технологий > ІТС Кіріс > Кіріс 2023 жыл > Қаңтар

Имя	Состояние	Дата изменения	Тип
510	☁️ 🗑️	05.01.2023 16:47	Папка с файлами
511	☁️ 🗑️	05.01.2023 16:47	Папка с файлами
512	☁️ 🗑️	05.01.2023 16:47	Папка с файлами
513	☁️ 🗑️	05.01.2023 16:47	Папка с файлами
514	☁️ 🗑️	06.01.2023 14:52	Папка с файлами
515	☁️ 🗑️	06.01.2023 15:42	Папка с файлами
516	☁️ 🗑️	09.01.2023 08:48	Папка с файлами
517	☁️ 🗑️	09.01.2023 10:44	Папка с файлами
518	☁️ 🗑️	09.01.2023 14:57	Папка с файлами
519	🟢 🗑️	09.01.2023 16:23	Папка с файлами
520	☁️ 🗑️	12.01.2023 11:46	Папка с файлами

«ІТС Шығыс» қаптамасына директор және хатшы ғана қатынай алады. «ІТС Жалпы» қаптамасы ішкі құрылымға сай «Әдіскер», «ПЦҚ», «Конференция» тәрізді қаптамаларды қамтиды.

2) Outlook программасының көмегімен «oral@itc.edu.kz» поштамыз арқылы электрондық хат алмасу жүйеміз жолға қойылды. 2022 жылдың қазан айында ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті БҚО бойынша Департаментінен «Ақпараттық қауіпсіздік» мәселелеріне қатысты арнайы хат түсті: мемлекеттік мекемелерде Mail.ru – пошта сервисін қолдануға болмайтыны ескертілді. Біз өз кезегімізде 2022 жылдың шілде айынан бастап қызметтік хат алмасу үшін Outlook программасында EDU.KZ - білім беру қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы резиденттерінің ұйымдары үшін үшінші деңгейдегі домендік атауларды тіркейтін платформаға көшкенімізді хабарладық. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде еліміз бойынша барлық колледждер қазақстандық пошта серверлеріне жаппай көшуі тиіс деп санаймыз.

3) Word, Excel, Power Point программаларының ағымдық жұмыстарды орындауда локалды және онлайн нұсқаларының қатар жасауы теңдессіз мүмкіндіктердің бірі. Ең кең таралған Майкрософт өнімдері болғандықтан, бұл бағдарламалармен локалды түрде жұмыс жасау көпшілікке таныс. Ал онлайн режимде бір құжатпен бірнеше қолданушы бір сәтте немесе әрқайсысы өзіне қолайлы уақытта жұмыс жасаудың артықшылықтары көп. Мысалы, қазіргі күнде қандай да бір уақытша берілген тапсырма аясында біріккен уақытша топ Whatsapp-та уақытша топ ашады да, аралық жұмыс файлдарын біреулері өзара шектеусіз сала береді, екіншілері сәл өңдеп қайта салады. Нәтижесінде гаджеттердің жадына артық жүктеме түседі, командалық жұмыс ретсіз сипат алады. Колледж қызметкерлері өз кәсібімен қатар, заманға сай кеңселік жетілген нұсқада жұмыс жасауды меңгерсе еңбек нарығында еркін өз орнын табар мықты маманға айналады.




Құжаттарға, қаптамаларға жалпы қатынау құқын ашудың локалды және онлайн браузердегі нұсқадан ашу жолдары бар. Және олар «өзгерте алу» немесе тек «көре алу» мүмкіндіктерімен сілтеме жасай алады.

Орал ақпараттық технологиялар колледжінің ұжымы БҚО білім басқармасының басшысы А.Ә. Мыңбаеваның тапсырмасы бойынша осы бағыттағы жұмыстарымызды тарату үшін бірнеше мәрте оқыту семинарларын өткіздік:

- <https://youtu.be/sp7JF7DmuTk>;
- <https://youtu.be/PAkZ8gwLB7U>;

- https://youtu.be/_7xQqk6Q8R0;
- https://youtu.be/l_QCclUuQwA.

4) Planner программасы менеджер үшін аса қажетті құрал. Мекеме жұмысын жүйелі жүргізу үшін қалам мен қойын дәптер бүгінгі күнде аздық етеді. Басшы өз командасына тапсырмаларын түрлі сегменттерге, орындаушыларға, мерзімдерге, орындалу статустарына, басымдақтарға зейін қоя отырып сауатты цифрлық жолмен тарата білгені абзал. Нәтижесінде басшы да, қызметкерлер де мерзімі қойылған, орындалу уақыты тіркелетін, мобильді кестеде ұтымды жұмыс жасайды, еңбек өнімділіктері артады. Мысалы, осы 2023 жылдың облыстық және республикалық тамыз конференциясын өткізу шараларын реттеу үшін менің Planner-дегі жоспарым «Тамыз-2023» деп аталады және мұнда 7-29 тамыз аралығындағы істер тізімі орналасады. Жоспар жасалуы үшін алдымен атқарушылар тізімі жасақталады. Бұл ретте Эндрю Стивен Гроувтың «Өте өнімді менеджмент» кітабындағы «... жиналысқа сегіз адамнан артық қатысудың қажеті жоқ» - деген нұсқауын ескеруді жөн көремін. Мысалы, менің бұл шарадағы жұмыс тобым өзімді қосқанда алты адамнан тұрады. Платформада жоспардың бейнеленуі Тор, Тақта, Диаграмма, Кесте режимдерін қолдайды. Біздің жағдайда педагогикалық қызметке ең жақыны – Тақта режимі тәрізді. Әрі қарай тақтада міндеттер тізімін топтастырудың сегменттер немесе орындаушылар бойынша деп аталатын тәсілдері қолайлы.



Әр іске орындалу белгісін қоюға, файлдарды қоюға, комментарийлер жазуға, ішкі міндеттерді тағайындауға болады. Жалпы интерфейс интуитивті меңгеріп кетуге болатындай жеңіл және ықшам жасалған.





Диаграмма режимі істер тізімінің орындалу статистикасын көрнекі ұсынады. Талдау жасауға аса қолайлы. Сонымен қатар, орындаушылардың атқарған істерінің көлемдері де айқын көрінеді. Қызметкерлердің жұмысқа деген қатынастары, еңбек өнімділіктері туралы да белгілі қорытынды жасауға объективті көрсеткіштер жиналады. Эйзенхауер матрицасына сүйенсек әрдайым маңызды және шұғыл емес істерге көбірек зейіnderімізді шоғырландыруымыз қажет. Өкінішке орай біздің жүйеде әлі де еш регламентке сыймайтын шұғыл, аса шұғыл тапсырмалар кездесіп отырады. Және ондай тапсырмалар басты бағдарымыздан ауытқытып, еңбек өнімділіктерімізге кері әсерін тигізетіні де бар.



Жалпы алғанда бұлттық шешімдерді тиімді ұсынушы Microsoft өнімдерінің 30 шақты программаларының осындай бастапқы алтауы туралы өз тәжірибемізбен бөлістік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Менеджмент кітабы <https://anyflip.com/pxszz/dhci/>
2. Б.Жакенова, Қ.Тәмпішева, Л.Мақсатовна «Менеджмент негіздері», «Фолиант» баспасы. Астана, 2007 ж.
3. С.Сатыбалдыұлы, Б.Байтанаева «Маркетинг және менеджмент негіздері», «Фолиант» баспасы. Астана, 2011 ж.

Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту заман талабы

Губайдуллина Лаура Артуровна

Орал ақпараттық технологиялар колледжінің арнайы пәндер оқытушысы



XXI ғасыр – қарыштап дамыған білім ғасыры. Білім беруді технологиялық жолмен ұйымдастырудың мақсаты — жаңа бағыттағы оқушының шеберлігін шыңдауға, өз білімін көтеруге жауапкершілігін арттыруға көмектеседі.

Еліміздегі жаңа білім беру арқылы шығармашылықпен дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа ұлттық үлгіні жасауды, «жалпыға арналған білімнен», «білім әркімге өмір бойы» үлгісіне көшуді мақсат етеді. Қазіргі қоғамдағы мұғалімнің міндеті ғылым мен техниканың қарқынды дамып келе жатқан заманда өмір сүруге икемді, қоғам пайдасына қарай өзін-өзі толық жүзеге асыруға дайын білімді, шығармашылыққа бейім, құзыретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. Бұл міндетті тек кәсіби білімі жетік, құзіретті, бәсекеге қабілетті ұстаздар ғана атқара алады. «Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінетін, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында сақтайтын, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін ержүрек болуы тиіс».

Мұғалім идеалы — білімнің құндылығын айқын түсінетін «Мәдениеті жоғары адам», өз пәнінің жетік шебері, педагогика мен психологияны терең меңгерген, жеке тұлғаға бағытталған педагогикалық әдістерді қолдана алатын, өзін жеке тұлға ретінде дамытып, рухани өсуге деген қажеттілігі мол болуы тиіс.

Қазіргі мұғалім:

- Педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс істей алатын;
- Педагогикалық өзгерістерге тез төселгіш;
- Жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;
- Оқушымен ортақ тіл табыса алатын;
- Білімді, шебер, іскер болуы тиіс.

Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі оның білімінің жан-жақтылығы, ұстаздық шеберлігі, оқытудың жаңа әдістерін, инновациялық технологияны меңгеруімен өлшенеді. Белгілі бір саладағы құзырлықты меңгерген тұлға өз саласына сәйкес білім мен біліктілікпен қаруланған, қандай да бір негізі бар ой-тұжырым жасайтын және тиімді әрекет ете алатын адам деп есептеуге болады. Кәсіби құзіреттілік деп педагогтың жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады. Мұғалімнің әрбір сөзі мен ісі, қимылы, киімі, аяқ алысы, жүрісі, көзқарасы психологиялық және ізгілік тұрғысынан шәкірт жүрегінен үлкен орын алады. Әрбір ұстаз үшін оқу – тәрбие процесін ұйымдастыруда мол білімділікті, ақылдылықты, дұрыс іскерліктер мен дағдыларды қолдануды қажет етеді. **Өз тәжірибем** бойынша білім сапасын арттыру жолдарын қарастыратын болсам, қазақ тілі сабағында түрлі дидактикалық дамытпалы ойындар, шығармашылық тапсырмалар қолданамын. Қазіргі педагогикалық технология талаптары оқушыға білім берудің ең тиімді, ұтымды жақтарын таңдауды талап етеді және үнемі дамыту, жетілдіру, толықтыру сабақ сапасын арттырады. Оқушыны да, мұғалімді де шығармашылыққа жетелейді. Мысалы, «Сын тұрғысынан ойлау» стратегиясына тоқтала кетсем, сабақ барысында «кубизм» стратегиясын, «анықтау» стратегиясын, «сәйкестендіру», «суреттеу», «топтастыру» стратегияларын қолдану оқушылардың сабаққа қызығушылықтарын арттырады. Оқушыларды оқытуда негізінен өз басым сын тұрғысынан ойлау технологиясының пайдасы көп деп ойлаймын. Өйткені өзім әр сабағымда осы технологияның элементтерін пайдаланып отырамын. Осы технологияны қолдану нәтижесінде:

- Нәтижесінде тапсырмалардың түрлері оқушыларды: ерекше ойлауға; өз идеяларын ашық айтуға; болжамдар жасай білуге; белгісізге қарай табысты түрде қадамдар жасай білуге үйрете отырып, олардың бойларына құзыреттілік қасиеттердің белгілерін қалыптастырып, заман деңгейіне сай білім негіздерімен қаруландырады.

- **Мұғалімнің кәсіби шеберлігі**, зерттеушілік қызметі мұғалімдік жұмысқа дайындық барысында, іс – тәжірибеде және қайта даярлау кезінде қалыптасып тәрбиеленеді.

- Ұстаздың шеберлігі — талантты қажет ететін ерекше бір өнер емес, ол басқа да мамандарды шеберлікке үйретуде қажет болатын мамандық. Жас ұрпақ тәрбиесінде бүкіл ғұмырымен қажыр қайратын және бойындағы асыл сезімдерін бағыттаған мұғалімдерді айтуға болады.

- Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзіреттілік қабілеті де кең болмақ.

- Жаңа педагогикалық технологияның ерекшелігі — өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан –жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек қана

тыңдаушы, орындаушы болып келген. Ал қазіргі оқушы — өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек. Осындай жеке тұлғаны дамыту үшін оқытудың жаңа технологиясы қажет. Оқыту үрдісінде осындай әдісті пайдалану үшін, алдымен мұғалім өзі оқып, біліп, зерттеп, зерделеп тиімділігін өз шеберлігіне қарай таңдауы керек, өйткені, технологиялардың өзі мұғалімнің қолдану әдіс – тәсіліне, шеберлігіне қарай жүзеге асады.

1. Түрлі әдістерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі;

2. Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады;

3. Олардың әрқайсысының деңгейін анықтауға болады;

4. Оқушыларды ізденіске баулып, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді;

5. Оқушылардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады;

6. Жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауға, өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастырады.

Сын тұрғысынан ойлау бойынша сабақ кезеңдерінде: оқушылар сабақтың мақсат, міндетін өздері анықтайды; мәселені шешу жолын іздестіреді; жаңаны өздері табады; ақылдасады, кеңеседі. Аталған әрекеттері арқылы әр оқушының мәселені шешу, ақпараттық, коммуникативтік құзыреттіліктері қалыптасады. Құзыреттілік қалыптастырудың келесі міндеті әр сабақтың өмірлік жағдайлармен байланыстылығы. Бұл орайда құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағдарланған тапсырмалар да қолданылады.

Қазіргі таңда мектеп оқушыларының мұғалімнен күтері көп. Оларды сабаққа белсене қатыстыру үшін әр сабақ барысын жеке формада, жаңа әдісте жүргізу шарт. Оқу формалары заманауи талаптарға лайық болуы, жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру үшін, ұстаз ақпараттық технологияны өз іс-әрекетінде тиімді, сауатты ұйымдастыруы қажет. Сондықтан интерактивті тақтаны оқушылардың тілдік құзіреттілігін, шығармашылық потенциалын дамыту құралы ретінде пайдалану интеллектуалдық, эстетикалық және ақпараттық сауаттылығын арттыруға көмектеседі, ал көрнекі құрал ретінде пайдалану оқу-танымдық үрдіс тиімділігін арттырады.

Қорыта келгенде, кәсіби, шығармашыл шебер ұстаз оқытудың жаңа технологияларын өмірге енгізуге дайын, оқу-тәрбие ісіне жанашырлық танытатын, қоғамның ең озық бөлігінің бірі. Оқу-тәрбие үрдісінің мазмұнына және ұйымдастырылуына комплексті тұрғыда қарайтын, зерттеушілік ыңғайға бейім, теория мен практика іс-әрекетін біріктіре білетін, өмірлік құндылық қағидалары адамгершілік, ізгілік, еңбекқорлық, парасатты мінез құлық қасиеттерді бойына сіңірген ұстаз.

Шығармашылық әлеуеті дамыған мұғалім өз кәсібін жете меңгеріп қана қоймай, өзін-өзі жан-жақты дамытуға қол жеткізеді. Нәтижесінде мұғалім кәсіби құзіреттілікке қол жеткізеді. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі — бүгінгі

ғасыр талабына сай белгілі бір нәтижеге бағытталған білім берудің негізі болмақ. Бүгінгі заман талабы — жан-жақты дамыған, өзіндік «мені» қалыптасқан «тұлға» тәрбиелеу. Оқушы «тұлға» болып қалыптасуы үшін оның бойында түрлі жағдаяттағы проблеманы анықтауға, өзіндік тұжырым жасай білуге, өзіндік бағалауға, сыни ақпараттарды өз бетімен табуға, талдауға логикалық операцияларды қолдана отырып дәлелдеуге жалпы алғанда жеке адамның күзiреттiлiктерi қалыптасуы қажет. Осындай биік нәтижеге қол жеткізуді – кәсіби күзiреттiлiгi жоғары мұғалiм ғана жүзеге асырмақ.

Білім берудегі онлайн платформалар мен қосымшалары

Қайырбаева Эльнура Бекенқызы

Орал ақпараттық технологиялар колледжінің арнайы пәндер оқытушысы



Қоғамда цифрландыру процесі қарқынды жүріп жатыр, бұл қазіргі кезде жаһандық трендке айналды. Сондықтан альфа буын Интернетті, мобильдік құрылғыларды, цифрлық технологиялар мүмкіндіктерін жиі пайдаланады. Бүгінде білім алушылардың Цифрлық ақпараттық технологияларды білім беру платформаларынан, планшет, ұялы телефон, компьютерден меңгеріп, жұмыс жасауы заман талабы болып отыр. [1]

Платформалық оқыту бағдарламалық жасақтамасының өсіп келе жатқандығының арқасында біз бүгінде білім беру үшін онлайн оқыту мен дамуға тез көшеміз. Сандық аборигендердің өсіп келе жатқан саны интернеттегі білім беру платформалық құралдарына сұраныстың артуына әкеліп қана қоймай, оқытушының ролін жаңа қырынан өзгертті [2].


Цифрлық білім беру технологиялары - бұл сабақ барысындағы көрнекілікті қамтамасыз ететін электрондық жүйелерді пайдалануға негізделген оқу процесін ұйымдастырудағы инновациялық тәсілі. Цифрлық технологияларды қолданудың мақсаты оқу процесінің сапасын, тиімділігін арттыру, сондай - ақ студенттерді табысты әлеуметтендіру болып табылады.

Цифрлық технологиялардың мүмкіндіктері тапсырмаларды орындау және материалдарды зерделеу ұтқырлығын арттыру материалдардың көрнекілігін арттыру оқытушымен жедел кері байланысты жүзеге асыру студенттердің ынтасын арттыру студенттердің тапсырмадан өткеннен кейін бірден нәтижеге қол жеткізу.

Ендеше, қашықтан білім беру жағдайында сабақ өткізу, ресурстармен бөлісу, кері байланыс, онлайн бағдарламалармен жұмыс жасауға тиімді бірқатар платформаларды ұсынамын.

Edpuzzle - бұл аудио және мәтіндік жазбалармен, оларға арналған сұрақтар мен тапсырмалармен бейне фрагменттерін құруға арналған ақысыз

қызмет. Сіз YouTube, Vimeo-дан, KhanAcademy, TED-Ed, LearnZillio және т.б платформаларынан бейнелер ала аласыз.




1-сурет. Edpuzzle платформасының жұмыс аймағы

Сервисті қолдана отырып, сіз әр түрлі тақырыптағы оқыту видеороликтері негізінде студенттер арасында сауалнама мен тестілеуді ұйымдастыра аласыз.

Қызметтен алынған материалдарды электронды пошта арқылы және әлеуметтік желілерде (Facebook, Twitter) бейнеге сілтеме жасау арқылы бөлісуге болады. Бейне оқулықты веб-сайтқа немесе блог парағына енгізуге болады. Қызметте тіркелу электрондық пошта мекен-жайы бойынша да, Google+ есептік жазбасы арқылы да мүмкін. Қызметтің үлкен кемшілігі толығымен ағылшын тілінде. [3]

Қызметте жұмысты бастау үшін сайтқа кіріп, тіркеуден өтеміз. Тіркеу үшін екі түрдегі шот бар: оқытушы және студент. Оқытушы ретінде сіз - сайтта бейне оқулықтар құра аласыз, сабақтарды ұйымдастыра аласыз және оларға студенттерді шақыра аласыз. Студент ретінде сіз - құрылған сабақтарға қосылып, видео тапсырмаларды орындай аласыз. Оқытушы ретінде тіркелу үшін «Ұстаз, қазір бастаңыз» батырмасын басыңыз. Болашақта тіркеуден кейін сіз сайтқа «Кіру» батырмасын пайдаланып кіре аласыз.



2-сурет. Edpuzzle платформасына тіркелу

Тіркелу кезінде сіз өзіңіздің атыңызды көрсетіп, ашылмалы тізімнен біз оқитын тілді (орыс) таңдап, пароль ойлап табуыңыз керек. Әрі қарай, «Тіркелу» батырмасын басыңыз. Сіз өзіңіздің Google+ есептік жазбаңызды

пайдаланып қызметке тіркелуіңізге болады. Бейнені жүктеу тіркеуден кейін (рөл мұғалімі) бейне сабақ құруды бастау үшін «Жұмысты бастау» батырмасын басыңыз.

Іздеу өрісіне интернеттегі бейненің тақырыбын, кілт сөздерін немесе бейне мекен-жайын енгізіңіз. Қызмет YouTube, Vimeo, KhanAcademy, LearnZillio, TED-Ed, National Geographic және басқаларында бейнелерді іздейді. Лупа (Іздеу) белгішесін басыңыз. Табылған бейнелердің ішінен қажеттісін таңдап, «Пайдалану» түймесін басыңыз. Сіз өзіңіздің жеке бейнеңізді өзіңіздің компьютеріңізден қосуға болады. Бұл үшін «Жүктеу» батырмасын басыңыз. Бейнені өңдеуге өту үшін «Фантастикалық» батырмасын басыңыз.

Монтаждау таспасы бар қорап ашылады. Сол жағында монтаждау арналған бейне, оң жағында оған сұрақтар мен тапсырмалар қосуға арналған панель орналасқан. Егер бейне тым ұзын болса, сіз қызығушылық бөлігін кесіп тастай аласыз. Мұны істеу үшін қайшымен «Қиып алу» белгішесін басыңыз. Содан кейін, қызыл шекті маркерлерді пайдаланып, бейненің қай бөлігін кесу керек екенін орнатыңыз. Хронологияда сұр түспен көрсетілетін бейнежазбаның бөлігі, ал ақ түспен редакциялау кезінде кесілетін бөлік көрсетіледі. Егер сізде бейнені кесу кезінде қиындықтар туындаса, онда сіз осы тақырып бойынша тренингтік бейнені көре аласыз.

Бұл үшін «Show me how» батырмасын басыңыз. Тапсырмаларды бейнелерге қосу. Бейнеге тапсырма қосу үшін сұрақ белгісі бар «Викториналар» белгішесін басыңыз. Әрі қарай, сіз тапсырма бергіңіз келетін бейне үзіндісін анықтаймыз. Бейнені ойнату кезінде бейнені кідірткі, уақыт шкаласындағы жасыл белгіні басыңыз. Тапсырмаларды қосу және редакциялау панелі оң жақта ашылады.

Сіз тапсырманың 3 түрін қосуға мүмкіндігіңіз бар. Олар: ашық сұрақ қойылған викторина, бірнеше жауаптың дұрыс жауабын таңдау, мәтіндік.


Бірнеше дұрыс жауапты викторина ойынын таңдай отырып ашылған терезеге сұрақтың мәтінін енгізіңіз. Төмендегі жауап нұсқаларын қосамыз: бірінші жауап дұрыс (жасылмен белгіленген), келесі дұрыс емес (қызылмен белгіленген). Ереже бойынша екі нұсқа беріледі. Қосымша опциялар қосу үшін «Жауап қосу» батырмасын басыңыз. Сіз суреттер мен сілтемелерді жауаптарға қоса аласыз [4].

Бейне сұраққа мәтіндік түсініктеме беру («көпіршік» сөйлеу бейнеленген қойынды). Ашылған терезеде бейнеге мәтіндік түсініктеме немесе ойлану үшін басқа қосымша ақпаратты қосыңыз. Әр тапсырманы қосқаннан кейін «Сақтау» батырмасын басыңыз.

ClassTools – Аталмыш сайт Оқу ақпаратын визуализациялау және сабақтарға арналған интерактивті flash ойындарын(уақыт кестелері, диаграммалар және т.б.) құруға арналған шаблондар сервисі. Мұнда «Timeline» ойынын құрастыру арқылы мен өз сабақтарымда «Есім, уақыт, оқиға» деп алып, қашықтан оқушыларға тапсырма бере аламын. Сондай-ақ, «Priority Chart»

кестесі арқылы оқиғаларды сәйкестендіру кестесін жүзеге асырамын. Мұнда Венн диаграммасын онлайн қолдану мүмкіндігі бар [5].

Қызмет ClassTools.net тарих пәнінің оқытушысы Рассел Тарр жасаған. Ол ақпаратты визуализациялауға арналған және мұғалімдер мен оқушыларға презентацияларды тиімді өткізу, жобаларды қорғау, диаграммаларды ұсыну, аналитикалық баяндамалар, іс-шараларды жоспарлау және т. б. үшін интерактивті білім беру Flash ресурстарын жасауға мүмкіндік береді.



3-сурет. Classtools білім беру қосымшасы


Барлық ресурстарды үш санатқа бөлуге болады:

- бірлескен жұмыс құралдары;
- дидактикалық ойындарды құруға арналған құралдар;
